

**Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қараша N 1291 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 382 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.28 N 382 бұйрығымен.**

Ескерту: Тақырыбы мен мәтініндегі "мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге" деген сөздер "республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 56 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 482 қаулысымен бекітілген 1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру Бағдарламасын 2000 жылға арналған іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң  
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 қ а р а ш а N 4 7 0  
бұйрығымен бекітілді

**Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығару туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында қолданылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, қорғаныс объектілері мен өзге де әскери мүлікті қоспағанда, табиғи және сапалық тозуының салдарынан, табиғи апаттар мен авариялардың нәтижесінде жарамсыздыққа келген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорындар) мен республикалық мемлекеттік мекемелерге (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) бекітілген мүлікті есептен шығару тәртібін анықтайды.

**Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 56 бұйрығымен , 2004 жылғы 20 маусымдағы N 223 бұйрығымен .**

2. Нұсқаулық республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерінің негізгі құрал-жабдықтарына (активтеріне) жататын мүлікке таратылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүлкін есептен шығаруға қажетті құжаттаманы ресімдеу осы Нұсқаулықтың 10-тармағында белгіленген шарттарды ескере отырып осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес құрылатын Комиссия тұжырымының негізінде жүзеге асырылады.

4. Комиссия мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен құрылады.

Мемлекеттік кәсіпорында құрылатын комиссияның құрамына міндетті түрде: мемлекеттік кәсіпорынның бас инженері немесе басшысының орынбасары (Комиссияның төрағасы);

бас бухгалтер немесе оның орынбасары; мүліктің сақталуына жауапкершілік жүктелген тұлғалар енгізіледі.

Мемлекеттік мекемелерде құрылатын комиссияның құрамына міндетті түрде:

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (Комиссияның төрағасы); бас бухгалтер немесе оның орынбасары (штат кестесі бойынша бас бухгалтер лауазымы болмаған жағдайда - бухгалтерлік есеп жүргізу жүктелген тұлғалар); мүліктің сақталуына жауапкершілік жүктелген тұлғалар енгізіледі.

Мүліктің жекелеген түрлерін есептен шығаруда Комиссия құрамына тиісті мамандар (сарапшылар) енгізіледі.

## 2. Мүлікті есептен шығару тәртібі

5. Табиғи және сапалы тозудың салдарынан, қызметінің белгіленген мерзімдері өтелгеннен кейін, дүлей апаттар мен авариялардың нәтижесінде өндірістік мәнін толығымен жоғалтқан, егер оны қалпына келтіру экономикалық жағынан орынсыз және мүмкін емес болған мүлік мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің балансынан шығарылады.

**Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 маусымдағы N 223 бұйрығымен .**

6. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін есептен шығару мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің 2008.12.23 N 604 Бұйрығымен .**

7. Орталық мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемелердің мүлкін есептен шығару олардың шешімі бойынша жүзеге асырылады, аумақтық мемлекеттік органдар болатын мемлекеттік органдардың мүлкін - олардан жоғары тұрған органдарымен келісу бойынша.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің мүлкін есептен шығару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2008.12.23 N 604 Бұйрығымен .**

8. Республикалық бюджет есебінен ұсталынатын және мемлекеттік органдар емес мемлекеттік мекемелер мүлкін есептен шығару мемлекеттік басқару органдарымен келісім бойынша іске асырылады.

**Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2008.12.23 N 604 Бұйрығымен .**

9. Жергілікті бюджеттер есебінен ұсталынатын мемлекеттік мекемелер мүлкін есептен шығару тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

10. Комиссия техникалық құжаттаманы, сонымен қатар бухгалтерлік есеп мәліметтерін қолдана отырып, есептен шығаруға жататын мүлікті тексеріп қарайды және оның қайта қалпына келтіру және одан әрі қолдануға жарамсыздығын анықтайды, осы Нұсқаулықтың 5 тармағында көрсетілген есепке шығарылудың себептерін айқындайды, есепке шығарылып отырған мүліктің жекелеген түйіндері, бөлшектері, материалдарын қолдану мүмкіндігін анықтайды, оларды бағалайды, мүліктің мерзімінен бұрын қолданыстан шығарылуына айыпты болған тұлғаларды анықтайды және акт жасайды. Комиссияның қызметі арнайы білімдерді қажет еткен жағдайда, оның құрамына тиісті мамандарды (сарапшыларды) енгізеді.

Есептен шығару актілері бекітілгенге дейін мүлікті ажырату мен бөлшектеуге

р ұ қ с а т

е т і л м е й д і .

Мүлікті жоюдан алынған барлық бөлшек, торап, қосалқы бөлшек, материал және өзге материалдық құндылықтар (бұдан әрі - материалдар) үш топқа бөлінеді :

Бірінші топ - тікелей қызметі бойынша олардың болжамалы пайдалануының бағасы бойынша бухгалтерлік есептің тиісті шоттар кірісіне алынуға міндетті одан әрі қолдануға жарамды материалдар.

Екінші топ - қайталама шикізат ретінде (қара, түсті және асыл металдар, көнерген материал, отын және т.б.) кіріске алынатын тікелей қызметі бойынша одан әрі қолдануға жарамсыз материалдар.

Үшінші топ - одан әрі қолдануға жарамсыз материалдар. Осы топтың материалдары жойылуға жатады, бұл туралы акт жасалады.

11. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүлкін осы Нұсқаулықтың 5-тармағында көрсетілген себептердің салдарынан есептен шығару белгіленген формалардың (ОС-3, ОС-3 бюджет, ОС-4, 443, 444) актілерімен 3 данада ресімделеді.

12. Комиссия 3-данада жасаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің мүлкін есептен шығару актілері осы Нұсқаулықтың 6, 7, 8, 9 тармақтарына сәйкес құжаттардың мына тізімімен:

1) Комиссия хаттамасы;

2) авария жағдайында - тиісті лауазымды тұлға жасаған және бекіткен уақиға актісінің көшірмесімен мемлекеттік басқару органдарына келісуге жіберіледі.

Мемлекеттік басқару органдарымен келісілген есептен шығару құжаттары тиісінше Комитетке немесе оның аумақтық органдарына жазбаша рұқсат алу ү ш і н ж і б е р і л е д і .

**Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 бұйрығымен .**

13. Мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін есептен шығару актілері келісілген жағдайда жоғарғы сол жақ бұрышта "Келісілді" деген белгі, күні, тиісті мемлекеттік басқару органының мөрімен бекітілген басшының қ о л ы қ о й ы л а д ы .

Актінің, комиссия хаттамасының (уақиға актісінің көшірмесінің) бір данасы тиісті уәкілетті органда қалады, қалған екеуі - мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекемеге беріледі.

**Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 бұйрығымен .**

14. Келісілмеген жағдайда, мүлікті есептен шығарудан бас тарту дәлелденуімен құжаттардың пакеті мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

### **3. Қорытынды ережелер**

15. Есептен шығарудың қолданылып жүрген тәртібі бұзылған жағдайда бұған айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

16. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК